

Заң күші бар "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы 1995 жылғы 14 қараша N 2635

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 28-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1-бапта:

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасын қорғау - Қазақстан Республикасы азаматының борышы" сөздері "Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының қасиетті борышы және міндеті болып табылады" сөздерімен алмастырылсын;

2-тармақтың бірінші абзацы "Қарулы Күштерін" сөздерінен кейін "Ұлттық қауіпсіздік комитетін, Шекара және Ішкі әскерлерін, Республикалық ұланын, Азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен бөлімдерін және басқа әскери құрамаларын (бұдан былай - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа әскерлері мен әскери құрамалары)" сөздерімен толықтырылсын.

3-тармақта:

бірінші абзацтағы "мемлекеттік басқару" және "өкімет пен басқару органдарына" сөздері тиісінше "мемлекеттік өкімет" және "өкілді және атқарушы органдарға" сөздерімен алмастырылсын;

екінші, үшінші, төртінші абзацтар алынып тасталсын;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік халықаралық шарттарда көрсетілген реттерден өзге басқа мемлекеттердің азаматтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.

Қазақстан Республикасында тұратын басқа мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының мүдделері үшін әскери қызмет атқара алады";

4-тармақта:

екінші абзацтағы "16-дан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер" сөздері

"шақыру учаскесіне тіркелгенге дейін әскери қызметке даярлықтан өтетін 15 жасқа толған жасөспірімдер" сөздерімен алмастырылсын;
үшінші абзацтағы "18-ден 27 жасқа дейінгі жастар" сөздері "адамдар" сөзімен алмастырылсын;
төртінші, бесінші, алтыншы абзацтардағы "азаматтар" сөзі "адамдар" сөзімен алмастырылсын;
5-тармақта:
екінші абзацтағы "шақырушылардың" сөзі алынып тасталсын;
"есебіне" сөзі "есепке" сөзімен алмастырылсын;
үшінші абзацтағы "әскери" сөзі "әскери-техникалық" сөздерімен алмастырылсын.

2.2-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "алдындағы борышын" сөздері "алдындағы қасиетті борышын және міндеттерін" сөздерімен алмастырылсын, "Қарулы Күштерінде" сөздерінен кейін "басқа әскерлері мен әскери құрамаларында" сөздерімен толықтырылсын;
бесінші абзац алынып тасталсын;
сегізінші абзац "мичмандардың" сөзінен кейін "контракт бойынша" сөздерімен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне халықаралық шарттарға сәйкес біріккен (коалициялық) қарулы күштер (әскерлер топтары) құрамында әскери қызмет атқаруға рұқсат етіледі.

Егер бұл халықаралық шарттарда көзделмеген болса, Қазақстан Республикасының азаматтарға басқа мемлекеттердің Қарулы Күштерінде әскери қызмет атқаруға тыйым салынады";

3-тармақтың үшінші абзацында "Жоғарғы Кеңесі" сөздері "Президенті" сөзімен алмастырылсын.

3.3-бапта:

баптың атауы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа әскерлері мен әскери құрамаларын әскери қызметшілермен жасақтау

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа әскерлері мен әскери құрамаларын әскери қызметшілермен шақыру бойынша жалпыға бірдей әскери міндеттілік негізінде, сондай-ақ контракт бойынша дербес аумақтық және аумақтық принциптерді ұштастыра отырып жасақталады";

екінші бөлігі "Қарулы Күштерін" сөздерінен кейін "басқа әскерлері мен әскери құрамаларын" сөздерімен, ал үшінші бөлігі "Қарулы Күштерінің" сөздерінен кейін "басқа әскерлері мен әскери құрамаларының" сөздерімен толықтырылсын;

4.5-бапта:

1-тармақта:

"Қарулы Күштерінде" сөздерінен кейін "басқа әскерлері мен әскери құрамаларында" сөздерімен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "Әскери-Теңіз Флотының бөлімдері" сөздері "Кеме" сөздерімен алмастырылсын;

"Әскери-Теңіз Флотының бөлімдері" бөлімінен "қатардағы жауынгер, ефрейтор, кіші сержант, сержант, аға сержант, старшина, капитан, майор, подполковник, полковник, генерал-майор, генерал-лейтенант және генерал-полковник" сөздері алынып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Авиация жоғары офицерлері құрамының (ұшқыш, инженерлік-авиациялық даярлығы бар инженерлік) әскери атақтарына "авиация" сөзі қосылады";

3-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқа лауазымды адамдардың әскери қызметшілердің қалған санаттарына әскери атақтар беру жөніндегі құқығы әскери қызмет өткеру туралы ережелермен белгіленеді";

бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Әскери қызметшілер мен әскери міндеттілер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғылары мен әскери қызмет өткеру туралы ережелерде белгіленген тәртіппен әскери атақтарынан айырылуы, сондай-ақ олардың әскери атағының төмендетілуі немесе қайта қалпына келтірілуі мүмкін."

5.6-бапта:

1 және 3-тармақтар "Қорғаныс министрі" және "Бас Прокуроры" сөздерінен кейін тиісінше "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Төрағасы" және "басқа әскери құрамалардың бірінші басшылары" сөздерімен толықтырылсын. "Қорғаныс министрі" және "Республикалық ұланының" сөздерінің алдындағы "Қазақстан Республикасының" сөздері алынып тасталсын;

1-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Офицерлер құрамының адамдары қызметтерін атқаруға тиіс сот органдары әскери қызметшілері лауазымдарының тізбесі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес белгіленеді";

3-тармақтың бірінші абзацы "Қарулы Күштерінің" сөздерінен кейін "басқа әскерлері мен әскери құрамаларының" деген сөздермен толықтырылсын:

4-тармақта:

бірінші абзацтағы "пен басқару", "тұрақты" сөздері алынып тасталсын;

екінші, үшінші, төртінші және бесінші абзацтары жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары және жергілікті өкілді органдар комиссияларының босатылған төрағалары болып сайланған әскери қызметшілер әскери қызметтен шығарылады. Олар өздерінің депутаттық өкілеттіктері аяқталған соң әскери қызметке белгіленген тәртіппен қайта қабылдануы мүмкін.

Жергілікті өкілді органдардың депутаттары болып сайланған әскери қызметшілер осы органдар жұмысы (сессиясы) кезеңінде өздерінің қызметтік міндеттерін орындаудан босатылады.

Әскери қызметте қалдырыла отырып қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындау үшін өкілді және атқарушы органдарға, сондай-ақ министрліктер мен ведомстволарға іссапарға жіберілген әскери қызметшілерді әскери үлестің барлық түрлерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың әскери қызметтен өту тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен реттеледі".

6.7-бапта:

1-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қарулы Күштердің, басқа әскерлер мен әскери құрамалардың әскери киім үлгісі мен айырым белгілерін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді, олармен жабдықтау нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Әскери киім үлгісін киіп жүру ережесін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, ал оның жекелеген түрлерін киіп жүру және айырым белгілерін тағу ерекшеліктерін басқа әскерлері мен әскери құрамалардың бірінші басшылары белгілейді".

7.8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"- бастапқы әскери даярлық";

төртінші және жетінші абзацтар алынып тасталсын;

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Шақыруға дейінгілер мен шақырушыларды әскери қызметке даярлауды Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылығымен министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар ұйымдастырады, әрі ол меншік нысанына қарамастан, оқу орындарында, ұйымдарда және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерде жүзеге асырылады";

екінші абзац "шақыруға дейінгілерді" сөздерінен кейін "және шақырылушыларды" сөздерімен толықтырылсын, "шақыруға дейінгі" сөздері "бастапқы әскери" сөздерімен алмастырылсын;

үшінші абзац "өкімет пен басқару органдары", "кәсіпорындар бірлестіктері" және "осы" сөздері тиісінше "өкілді және атқару органдары", "басқару органдары" және "бастапқы әскери" сөздерімен алмастырылсын, "шақыруға дейінгілерді" сөзінен кейін "және шақырушыларды" сөздерімен толықтырылсын;

3-тармақ алынып тасталсын;

8. Заң мынадай мазмұндағы 8-1 баппен толықтырылсын:

"8-1 бап. Бастапқы әскери даярлық

Шақыруға дейінгілер және шақырылу жасындағы жасөспірімдермен бастапқы әскери даярлықты бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік-техникалық училищелерде және арнаулы орта оқу орындарында штаттағы ұйымдастырушы-оқытушылар жүргізеді.

Оқу орындарында бастапқы әскери даярлықтан өтпеген жасөспірімдер оны мерзімді әскери қызметке шақырылу алдында жергілікті атқару органдарының шешімі бойынша құрылатын оқу пункттерінде өтеді.

Шақыруға дейінгілер мен шақырылу жасындағы жасөспірімдермен бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі жастарды бастапқы әскери даярлау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Ережемен белгіленеді".

9.9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Шақырушыларды әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау

1. Шақырушыларды әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау министрліктер мен ведомстволардың оқу ұйымдарында және Республиканың мемлекеттік білім беру жөніндегі оқу орындарында даярлық жағдайы мен сипатына қарай өндірістен қол үзе отырып, сондай-ақ қол үзбей жүргізіледі.

Шақырушыларды даярлау Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісілген бағдарламалар мен жоспарлар бойынша шарттық негізде әскери-қолданбалы бағыттағы қоғамдық бірлестіктерде жүзеге асырылуы мүмкін.

Меңгерген әскери-техникалық мамандығы бойынша әскери қызметке денсаулығы жарамды және оқуын бітірген соң мерзімді әскери қызметке кезекті шақырылуға жататын шақырушылар даярлыққа тартылады.

2. Өндірістен қол үзе отырып әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлықтан өтіп жатқан шақырушыларға оқу кезеңіне жұмыс орны, атқаратын қызметі сақталады және негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысы төленеді.

Өндірістен қол үзбей оқытуға тартылған шақырушыларға, даярлық кезеңіне кешкі мектептерде оқитын адамдар үшін заңда көзделген ережелерге сәйкес жұмыс күнінің қысқартылған ұзақтығы белгіленеді. Емтихандарға даярлық пен оны тапсыру кезеңіне

оларға негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысы төлене отырып ұзақтығы 10-15 жұмыс күнін құрайтын (мамандығына және оқу бағдарламаларының көлеміне қарай) демалыс беріледі.

Жеке меншікке негізделген ұйымдардың осы шақырылушыларға орташа жалақы төлеу жөніндегі шығыстары аталған мамандар өздеріне арнап даярланатын министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың қаражаты есебінен өтеледі.

3. Әскери-техникалық мамандықтар бойынша оқытуға тартылған шақырушылардың сабаққа қатысуы міндетті болып табылады.

10.10-бапта:

3-тармақтың екінші абзацы мынадай мазмұндағы жаңа сөйлеммен толықтырылсын:

"Олар профилі жөнінен әскери мамандығына жуық алынған біліміне сәйкес өздеріне офицерлік атақ берілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекіткен тәртіппен және мамандықтар бойынша офицерлер ретінде әскери қызметке шақырылуы мүмкін".

11.11-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шақыруға дейінгілер мен шақырушылардың дене даярлығын жергілікті өкілді және атқарушы органдар, меншік нысанына қарамастан білім беру, дене мәдениеті және спорт органдары, спорт ұйымдары мен басқа да ұйымдар ұйымдастырып, жүргізеді";

2-тармақтың екінші абзацында "17 жастағы" сөздері "15 жастан бастап" сөздерімен алмастырылсын, "шақырушыларды медициналық тексеруге тартылатын" сөздері алынып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Шақыруға дейінгі және шақырылу жасындағы жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беруді тұрғылықты жері, оқу немесе жұмыс орны бойынша барлық мемлекеттік ұйымдар мен меншік нысанына қарамастан басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер жүзеге асырады".

12.12-бапта:

1-тармақта "тіркеу" сөзі "тіркеуді" сөзімен алмастырылсын, "жүргізіледі" сөзі "жүргізеді" сөзімен алмастырылсын, "жүргізеді" сөзінен кейін "тұрғылықты жері бойынша аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар" сөздерімен толықтырылсын;

2-тармақта:

бірінші абзацтан екінші сөйлем алынып тасталсын;

екінші абзацтағы "заңдарға" сөзі "заңдарына" сөзімен алмастырылсын, "қолданылып жүрген" "заңдарына" сөзінің алдынан "Қазақстан Республикасының" сөздерімен толықтырылсын;

3-тармақта:

"өкімет пен басқару органдары" сөздері "өкілді және атқарушы органдар" сөздерімен алмастырылсын, "шақырушылардың" сөздерінен кейін "сондай-ақ шақыруға дейінгі жастардың" сөздерімен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Осы органдардың лауазымды адамдары бастапқы әскери есепке алу ережелерін бұзғаны және аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардың шақыру учаскелеріне тіркелуге жататын жасөспірімдердің тізімдерін уақтылы табыс етпегені үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап береді";

5-тармақта:

бірінші, екінші, үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтарды аудандардағы (қалалардағы) шақыру учаскелеріне тіркеуді жүргізу үшін жергілікті атқарушы орган әкімінің шешімімен мына құрамда тиісті комиссиялар құрылады:

- комиссия төрағасы - аудандық (қалалық) жергілікті атқарушы орган әкімінің орынбасары;
- комиссия төрағасының орынбасары - аудандық (қалалық) әскери комиссар.

Комиссия мүшелері:

- азаматтарды медициналық куәландыруға қатысушы дәрігерлер;
- әскери комиссариаттың өкілі;
- комиссия хатшысы";

төртінші абзацтағы "жергілікті өкімет пен басқару органдары" сөздері "жергілікті атқарушы орган әкімі" сөздерімен алмастырылсын;

6-тармақ "әскери есепке алынады" сөздерінен кейін "және шақырушылар санатына өтеді" сөздерімен толықтырылсын;

13.13-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде жылына екі рет, сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында өткізіледі. Шақыру мерзімін кейінге қалдыру немесе одан босатылуға құқығы жоқ 18-ден 27 жасқа дейінгі азаматтар шақыруға жатады".

бап мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ауданның (қаланың) және

облыстың жергілікті өкілді органдарымен бірлесе отырып, тиісті әскери комиссариаттар арқылы жергілікті атқарушы орган әкімі ұйымдастырып, қамтамасыз етеді.

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі осы Заңмен және Қазақстан Республикасының үкіметі бекіткен жастарды әскери қызметке даярлау және шақыруды өткізу туралы Ережемен белгіленеді";

2-тармақ "оқу орындарының" сөздерінен кейін "тұрғын үй-пайдалану ұйымдары мен тұрғын үй басқармаларының" сөздерімен толықтырылсын, "шақырылушылардың шақыру учаскесіне дер кезінде келуін қамтамасыз ету үшін оларды" сөздері "шақырылушыларды іссапардан (демалыстан және т.т.) кері шақырып алуға, оларды хабардар етуді ұйымдастыруға және олардың шақыру учаскесіне уақтылы келуін қамтамасыз етуге міндетті" сөздерімен алмастырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы бірінші абзацпен толықтырылсын:

"Мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын шақырылушылар әскери комиссариаттың шақыруы бойынша шақыру және медициналық комиссияларынан өту әрі әскерге жөнелтілу үшін шақыру учаскесіне келуге міндетті";

4-тармақта "ер жынысты" сөздері алынып тасталсын;

2, 3, 4-тармақтар тиісінше 3, 4, 5-тармақтар болып саналсын.

14.14-бапта:

1-тармақта:

бірінші-сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен өткізу үшін аудандық (қалалық) жергілікті атқарушы орган әкімінің шешімімен аудандарда (қалаларда) мына құрамда шақыру комиссиялары құрылады:

- комиссия төрағасы - аудандық (қалалық) жергілікті атқарушы орган әкімінің орынбасары;

- комиссия төрағасының орынбасары - аудандық (қалалық) әскери комиссар.

Комиссия мүшелері:

- аудандық (қалалық) ішкі істер бөлімінің өкілі;

- медицина қызметкерлерінің жұмысына басшылық ететін дәрігер - медициналық комиссияның төрағасы;

- комиссия хатшысы.

Комиссия құрамына, сонымен қатар мемлекеттік ұйымдардың, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енгізілуі мүмкін";

тоғызыншы абзацтағы "жергілікті өкімет пен басқару органдарының басшысы" сөздері "жергілікті атқарушы орган әкімі" сөздерімен алмастырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының қызметіне басшылық ету және бақылау жасау үшін облыстарда және Алматы қаласында мына құрамда тиісті

облыстық (Алматы қаласында - қалалық) шақыру комиссиялары құрылады:

- комиссия төрағасы - облыстық (Алматы қаласында - қалалық)

жергілікті атқарушы орган әкімінің орынбасары;

- комиссия төрағасының орынбасары - облыстық (Алматы қаласында - қалалық) әскери комиссар.

Комиссия мүшелері:

- облыстық (Алматы қаласында қалалық) ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары;

- облыстық (Алматы қаласында қалалық) денсаулық сақтау басқармасы (департаменті) бастығының орынбасары;

- әскери комиссариаттың дәрігері (медицина қызметінің офицері) - медициналық комиссияның төрағасы;

- комиссия хатшысы.

Комиссия құрамына, сонымен қатар мемлекеттік ұйымдардың, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енгізілуі мүмкін";

3-тармақ алынып тасталсын.

15.15 және 16-баптар жаңа редакцияда жазылсын:

"15-бап. Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру

1. Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру азаматтарға аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының шешімі бойынша:

- отбасы жағдайына қарай;

- оқу орындарында білім алуын жалғастыру үшін;

- денсаулық жағдайына байланысты;

- басқа да себептер бойынша беріледі.

2. Отбасы жағдайына қарай мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру:

а) басқа адамның көмегіне мұқтаж және мемлекеттің толық асырауында емес отбасы мүшелеріне қарайласатын шақырылушыларға заң бойынша олармен бірге немесе бөлек тұратынына қарамастан, аталған отбасы мүшелерін асырауға міндетті. Қазақстан Республикасы аумағында тұратын жақын туыстары немесе басқа адамдары болмаған жағдайда беріледі.

Басқа адамның көмегі мен күтіміне мұқтаж отбасы мүшелері мыналар:

- зейнеткерлік жасына жеткен (ерлер - 60 жас, әйелдер - 55 жас) немесе бірінші не екінші топтағы мүгедектер болып табылатын әкесі, анасы, әйелі, сондай-ақ

шақырылушының ата-анасы болмаған ретте, егер олар өзінің асырауында болса атасы мен әжесі;

- 18 жасқа толмаған іні-қарындастары немесе бұл жастан асқан аға-апалары, егер олар бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болса;

- шақырылушыдан басқа екі не одан көп 18 жасқа толмаған немесе бұл жастан асқан, бірақ бірінші не екінші топтағы мүгедек болып табылатын балалары бар және оларды күйеусіз (әйелсіз) тәрбиелеп отырған анасы (әкесі);

асырауында жасына қарай еңбекке жарамсыз немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын екі не одан көп жалғыз басты жақын туыстары (әкесі, анасы, аға-апалары, іні-қарындастары) бар және оларды күйеусіз (әйелсіз) күтіп отырған анасы (әкесі);

- күтімінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедек болып табылатын әйелі (күйеуі) бар және шақырылушыдан басқа 18 жасқа толмаған екі не одан көп балалар тәрбиелеп отырған ата-ананың бірі;

б) өзінің асырауында:

- анасыз тәрбиелеп отырған баласы;

- екі не одан көп балалары;

- ата-анасының қайтыс болуына, сондай-ақ оларды ата-аналық құқығынан айыруға немесе соттың оларды бас бостандығынан айырып, соттауына байланысты шақырылушы кемінде бес жыл бойы тәрбиесінде және күтімінде болған адамдары бар шақырылушыларға беріледі.

3. Оқу орындарында білім алуды жалғастыру үшін мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру:

а) меншік нысаны мен бағыныстылығына қарамастан білім беру ісін жүргізуге лицензиясы бар барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік-техникалық училищелер мен орта арнаулы оқу орындарында, кешкі бөлімдерді қоса, оқып жүрген, шақырушыларға, оларды бітіргенге дейін, бірақ жасы 20-дан аспағандарға егер олардың арнаулы орта оқу орындарына түскенге дейін орта білімі болмаса;

б) меншік нысаны мен бағыныстылығына қарамастан білім беру ісін жүргізуге Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің лицензиясын алған жоғары оқу орындарының күндізгі (өндірістен қол үзіп оқитын) бөлімдерінде, сондай-ақ басқа мемлекеттердің жоғары оқу орындарында оқып жүрген, жоғары оқу орнында оқып жатқандығын растайтын құжаттарды табыс еткен ретте 27-жасқа дейінгі шақырушыларға беріледі.

Жоғары оқу орындарынан үлгермейтіндігі, тәртіпсіздігі үшін немесе өзінің тілегі бойынша шығарылған шақырушылардың жоғары оқу орнына қайта түскен (қалпына келтірілген) ретте, оқуын жалғастыру үшін шақыруды кейінге қалдыру құқығы болмайды.

4. Денсаулық жағдайына қарай мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге

қалдыру медициналық куәландыру кезінде, әскери қызметке уақытша жарамсыз деп танылған шақырушыларға бір жылға дейінгі мерзімге беріледі.

5. Басқа себептерге байланысты мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру:

а) жоғары немесе арнаулы орта педагогтік білімі бар және өз мамандығы бойынша жұмыс істеп жүрген, ауылдық жерлерге орналасқан барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік-техникалық училищелер мен арнаулы орта оқу орындарының мұғалімдеріне (оқытушыларына), жұмыс істеген барлық уақытына;

б) Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттарына депутаттық өкілеттігі мерзіміне;

в) ол жөнінде анықтау, алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан немесе қылмыстық ісі сотта қаралып жатқан адамдарға, тергеу аяқталғанға немесе сот шешімі жарияланғанға дейін;

г) күндізгі жоғары және орта діни оқу орындарында оқып жүрген, сондай-ақ тіркелген діни конфессиялардың бірінде діни атағы немесе штаттық қызметі бар шақырушыларға оқу немесе діни қызметі мерзіміне;

д) басқа санаттағы шақырылушыларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен, ал жекелеген шақырушыларға дербес түрде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің шешімі бойынша беріледі.

6. Шақырылушылардың шақыруды кейінге қалдырудан бас тартуға құқығы бар және егер олар жеке өтініші мен мүдделі адамдар мен халықты әлеуметтік қорғау орындарынан нотариалдық куәландырылған тиісті құжаттарды ұсынса, мерзімді әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

16-бап. Мерзімді әскери қызметке шақырудан босату

1. Бейбіт кезеңде мерзімді әскери қызметке шақырудан:

а) денсаулық жағдайына қарай әскери қызметке жарамсыз деп танылған;

б) 27 жасқа жеткен кезде мерзімді әскери қызметке заңды негіздерде шақырылмаған ;

в) әскери қызметін өткеріп жүрген кезінде қызметтік міндеттерін орындау үстінде жақын туыстарының бірі (әкесі, анасы, аға-інісі немесе апа-қарындасы) қаза тапқан, қайтыс болған немесе бірінші және екінші топтағы мүгедек болып қалған, отбасының жалғыз баласы болып табылатын азаматтар босатылады.

Шақырудан босатылуға құқығы бар шақырылушылар өз тілектеріне орай мүдделі адамдардың нотариалды куәландырылған тиісті құжаттар мен жеке өтінішін ұсынған ретте мерзімді әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

2. Бейбіт кезеңде мерзімді әскери қызметке:

а) - ауыр қылмыс жасағаны үшін сотты болған;

б) - екі және одан да көп соттылығы бар шақырушылар шақыруға жатпайды.

3. Кейінге қалдыруды пайдалану негіздерін түгескен шақырушылар, сондай-ақ осы

Заңның 15 және 16-баптарында көзделген кейінге қалдыру құқығы немесе шақырудан босату үшін негіздері жоқ және мерзімді әскери қызметке белгіленген мерзімде шақырылмаған адамдар кезекті шақыру жүргізілген кезде шақырылады".

16.17-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметке жарамды 29 жасқа дейінгі запастағы офицерлер бейбіт кезеңде Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының негізінде офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызмет өткеру үшін белгіленген тәртіппен шақырылады";

екінші бөлікте "Қарулы Күштерге" сөзі алынып тасталсын, "офицерлер" сөзінен кейін "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына" сөздерімен толықтырылсын.

17.18-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші, екінші, үшінші және төртінші абзацтардағы "ерікті түрде", "(запастағы офицерлер мен прапорщиктерден басқалары)", "офицерлік әскери атағы жоқ", "(запастағы офицерлерден басқалары)" сөздері алынып тасталсын;

үшінші абзац "курсанттардың" сөзінен кейін "(тыңдаушылардың)" сөзімен толықтырылсын;

бесінші абзац "офицерлердің әскери қызметіне" сөздерінен кейін

"әскери қызмет өткеріп жүрген офицерлер, сондай-ақ" сөздерімен толықтырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Контракт бойынша әскери қызметке әскери қызмет талаптарына сай келетін Қазақстан Республикасында тұратын басқа мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар да алынуы мүмкін.

Азаматтарды контракт бойынша әскери қызметке алу, сондай-ақ оны өткеру тәртібі осы Заңмен және әскери қызмет өткеру туралы ережелермен реттеледі".

18.19-бап жаңа редакцияда жазылсын:

"19-бап. Әскери қызмет мерзімі

Әскери қызмет мерзімі күнтізбелік есеппен былай белгіленеді:

а) мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер үшін:

- жоғары білімі барларға - 1 жыл;

- жоғары білімі жоқтарға - 2 жыл;

- Әскери-теңіз күштерінің кемелерімен жүзгілерінің, шекара әскерлері теңіз бөлімдерінің матростары мен старшиналары - 2 жыл 6 ай;

б) шақыру бойынша әскери қызмет атқарып жүрген офицерлер үшін -

3 жыл;

в) контракт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер үшін белгіленген мерзімге контракттарды ұзарту құқығымен - 3 немесе 5 жыл.

Контракт әскери қызметте болудың шекті жасына жеткенге дейінгі мерзімге жасалуы немесе ұзартылуы мүмкін".

19.20-бапта:

1-тармақта:

"в" және "г" тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"в) прапорщиктер, мичмандар мен кіші офицерлер үшін - 45 жас;"

"д" және "е" тармақшалары тиісінше "г" және "д" тармақшалары болып саналсын;

2-тармақта "офицерлерге" сөзі "басқа әскери қызметшілерге" сөздерімен алмастырылсын, "Қорғаныс министрі" сөздерінен кейін "және басқа әскерлер мен әскери құрамалардың бірінші басшылары" сөздерімен толықтырылсын;

3-тармақта "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген" сөздері "әскери қызмет өткеру туралы Ережелермен белгіленген" сөздерімен алмастырылсын.

20.21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Әскери-оқу және арнаулы оқу орындары курсанттарының (тыңдаушыларының) әскери қызметі

1. Әскери-оқу орындарына түскен азаматтармен олардың оқу орнында оқуы және оны бітірген соң күнтізбелік есеппен он жылдық мерзімге офицер ретінде әскери қызмет өткеретіндігі жөнінде жеке-жеке контракт жасалады. Контракт жасаспаған немесе оны бұзған курсанттарды (тыңдаушыларды) оқыту тоқтатылады.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің арнаулы оқу орындарының курсанттары (тыңдаушылары) осы оқу орындарында оқыған кезеңіне мерзімді әскери қызметтен босатылып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің арнаулы есебіне тұрғызылады.

3. Шақыру жасына жеткен және үлгермеуіне, тәртіпсіздігіне, оқуға ынтасы жоқтығына байланысты шығарылған, сондай-ақ контракттыны бұзған әскери-оқу, сондай-ақ арнаулы оқу орындарының курсанттары (тыңдаушылары) егер олар оқу орындарына түскенге дейін мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген болса, әскери қызмет өткеру үшін әскери бөлімдерге жіберіледі.

Олардың әскери-оқу, сондай-ақ арнаулы оқу орындарындағы оқыған уақыты Солдаттар мен матростардың, сержанттар мен старшиналардың мерзімді әскери қызмет

өткеруі туралы Ережеде белгіленген тәртіппен мерзімді әскери қызмет мерзіміне есептелуі мүмкін".

21.22-бапта:

2-тармақта:

үшінші абзацтағы "екінші баласы туғанда және отбасының өздерін бағатын басқа мүшелері немесе туыстары жоқ ата-аналарының бірі немесе шақырылушы асырауында болған туысы (егер олар еңбекке қабілетсіз болып, асырайтын басқа отбасы мүшесі жоқ болса) науқастанып немесе қайтыс болып, осылайша" сөздері алынып тасталсын, "салдарынан" сөзінен кейін "әскери комиссариаттардың отбасы жағдайын тексеру негізінде" сөздерімен толықтырылсын;

тармақ мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

" - отбасы құрамында шет елге тұрақты тұру үшін кетуіне байланысты немесе Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұрақты тұратын отбасымен қайта қосылу үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес кетуіне құқық беретін растайтын құжаттары болғанда";

бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтің әскери қызметшілері төтенше жағдай енгізілген ретте Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша әскери қызметте екі айға дейінгі мерзімге кідірілуі мүмкін".

3-тармақта:

бірінші абзац, "а" және "б" тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарында контракт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер, прапорщиктер, мичмандар мен офицерлер мына жағдайда әскери қызметтен босатылуы мүмкін:

а) белгіленген қызмет мерзімін өткерген ретте;

б) жасына қарай - әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен ретте";

"к" тармақшасы алынып тасталсын;

3-тармақ 4-тармақ болып саналсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын;

"5. Осы бапта аталған әскери қызметшілерді әскери қызметтен босатуды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген құқықтарына сәйкес лауазымды адамдар жүргізеді".

22.23-бапта:

"(17-бап)" сөздері "(16-бап)" сөздерімен алмастырылсын;

бап мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын"

"Запастағы қызметке жиындарды өткеру және әскери қызметке шақыру тәртібі мен ережелерін орындау жатады"

23.25-бапта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Әскери міндеттілер төтенше жағдай енгізілген ретте Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша міндеттерді шешу үшін 4 айға дейінгі мерзімге арнаулы жиындарға шақырылуы мүмкін";

бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Әскери міндеттілердің жиындарда болған кезеңіне ұйымдардағы жұмыс орны, атқаратын қызметі және орташа жалақысы сақталады. Жеке меншікке негізделген ұйымдардың осы әскери міндеттілерге орташа жалақы төлеу жөніндегі шығыстары осы аталған мамандар өздеріне арнап даярланатын министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың қаражаты есебінен өтеледі. Дәлелді себептерсіз бөлімнен (жиын орнынан) тыс жерде болған уақыт жиында болған мерзімге есептелмейді және ақы төленуге жатпайды".

24.26-бапта:

бірінші бөлікте:

"а" тармақшасындағы "халық шаруашылығы" сөздері "шаруашылық жүргізуші субъект" сөздерімен алмастырылсын;

"б" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Мемлекеттік тергеу комитеті, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі әскерлері мен Республикалық ұланы органдарында, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдарда Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты лауазымдарда жұмыс істеп жүрген адамдар";

"в" тармақшасындағы "Қазақ азаматтық авиация басқармасының" сөздері "азаматтық авиация жүйесінің" сөздерімен алмастырылсын;

"л" тармақшасындағы "16 жасқа дейінгі" сөздері "18 жасқа дейінгі" сөздерімен алмастырылсын.

25.27-бапта:

екінші бөлікте "өкімет пен басқару органдары" сөздері "өкілді және атқарушы органдар" сөздерімен алмастырылсын;

бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әскери міндеттілер мен шақырылушыларды әскери есепке алуды жергілікті

атқарушы органдар мен ұйымдар әскери міндеттілер мен шақырылушыларды әскери есепке алу туралы ережеде белгіленген тәртіппен олардың тұрғылықты жері бойынша жүргізеді. Әскери есепке алуды қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар осы органдар мен ұйымдардың қаражаты есебінен өтеледі".

26. 28-бапта:

1 және 2-тармақтардағы "өкімет пен басқару органдары" сөздері "өкілді және атқарушы органдар" сөздерімен алмастырылсын, "әскери комиссариаттары жоқ жерлердің" сөздері алынып тасталсын;

2-тармақтың екінші абзацындағы "тіркеу мен одан шығаруды" сөздері "тіркеуді" сөзімен алмастырылсын;

6-тармақтағы "әскери комиссариаттары жоқ жерлердің жергілікті өкімет пен басқару органдарына" сөздері "жергілікті атқарушы органдарға" сөздерімен алмастырылсын, "хабарлауға" сөзінен кейін "және оларды шақыру комиссиясынан өту мен әскерге (жиынға) жөнелтілу үшін келуін қамтамасыз етуге" сөздерімен толықтырылсын;

бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізу кезінде жастарды әскери қызметке даярлау және шақыру жүргізу туралы Ережеде белгіленген жағдайларды қоспағанда, әскери комиссариаттарда шақырылушыларды әскери есептен шығару жүргізілмейді".

27.29-бапта:

2-тармақтың екінші абзацында "16 және 17" сандары "15 және 16" сандарымен алмастырылсын;

4-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Соғыс уақытындағы жұмылдыру кезінде Қазақстан Республикасы экономикасының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін бейбіт кезеңде осы мақсаттарға қажетті мамандарға бронь беру жүргізіледі. Әскери міндеттілерге бронь беру мамандықтардың тізбесі бойынша және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады".

екінші абзацтағы "халық шаруашылығы үшін" сөздері "шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін" сөздерімен алмастырылсын;

төртінші абзацтағы "өкімет пен басқару органдары" сөздері "өкілді және атқарушы органдар" сөздерімен алмастырылсын;

5-тармақтың екінші абзацындағы "қолданылып жүрген заңдар" сөздері "Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары" сөздерімен алмастырылсын.

28.32-бапта:

1-тармақ "Қарулы Күштерін" сөздерінен кейін "басқа әскерлері мен әскери құрамалары" сөздерімен толықтырылсын;

2-тармақта "өкімет пен басқару органдары" сөздері "өкілді және атқарушы органдар" сөздерімен алмастырылсын;

29. 33 және 34-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Азаматтардың, лауазымды адамдардың жалпыға бірдей әскери міндеттілік туралы заңды бұзғаны үшін жауаптылығы

1. Әскери комиссариаттың шақыруы бойынша көрсетілген мерзімде келмеген, сондай-ақ дәлелді себепсіз әскери есепке тұру тәртібін бұзған азаматтар әскери міндетін орындаудан жалтарған деп саналып, әкімшілік жауапқа тартылады, ал әскери қызметке шақырудан жалтарған азаматтар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қылмыстық жауапқа тартылады.

2. Әскери міндеттілер жиындардан жалтарғаны үшін, сондай-ақ жиындар өткеру кезінде әскери қызмет өткерудің белгіленген тәртібіне қарсы құқық бұзғандығы үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

3. Әскери қызметке шақыру мәселелері жөнінде заңды бұзуға жол берген шақыру комиссияларының мүшелері, әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтарды медициналық куәландыруға және тексеруге қатысқан дәрігерлер, сондай-ақ басқа да адамдар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

4. Азаматтардың жалпыға бірдей әскери міндетті орындаудан жалтаруына көмектескен және олардың әскери қызметін өткеруіне кедергі жасаған, сондай-ақ осы заңда белгіленген міндеттерді орындамаған адамдар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

5. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың, мекемелердің, оқу орындары мен меншік нысанына қарамастан басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің лауазымды адамдары осы Заңда белгіленген талаптарды орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылады.

34-бап. Әскери қызметшілердің әскери қызмет өткеру ережесін бұзғаны және құқық бұзғандығы үшін жауаптылығы

1. Әскери қызметшілер әскери тәртіпті бұзғаны, құқық бұзғандығы үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары мен қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларына сәйкес тәртіптік, материалдық, әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылады.

2. Бөлімді өз бетімен тастап кеткен мерзімді қызметтегі әскери қызметшінің бөлімнен тыс жерде болған уақыты мерзімді әскери қызмет мерзіміне есептелмейді және оның бөлімде болмаған уақытына ұзартылады. Қызмет мерзімін ұзартуды әскери прокуратура шешім қабылданғаннан кейін немесе әскери сот бас бостандығынан

айырумен байланысты емес үкім шығарған соң бөлім командирі жүргізеді. Әскери бөлімдері өз бетімен тастап кеткендерді іздестіру мен әскери қызмет орнына жеткізуге байланысты шығыстар заңда белгіленген тәртіппен өтеледі.

3. Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұратын басқа мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Республика заңдарында көзделмеген әскери (әскерилендірілген) құрамаларға қатысуы, сондай-ақ жалдамалылық заңмен қудаланады".

30.35-бапта:

1-тармақта:

"өкімет пен басқару органдары" сөздері "өкілді және атқарушы органдар" сөздерімен алмастырылсын;

"техникалық қызметкерлер" сөздерінен кейін "сондай-ақ" сөздері алынып тасталсын ;

"қызмет көрсетуші адамдар бөледі" сөздері "қызмет көрсетуші адамдар, сондай-ақ азаматтарды медициналық тексеруден өткізу үшін емдеу-профилактика мекемелерінен орындар бөледі. Аталған іс-шараларды орындауға байланысты шығыстар жергілікті бюджет есебінен жасалады" сөздерімен алмастырылсын;

2-тармақтағы "өкімет пен басқару органдары сөздері " "өкілді және атқарушы органдар" сөздерімен алмастырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Әскери қызмет өткеруге байланысты іс-шараларды қаржылай және материалдық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Республикалық ұланының, Бас Прокуратурасының және Қазақстан Республикасының басқа да әскери құрамаларының қаражаты есебінен жүргізіледі"

II. Қазақстан Республикасының Үкіметі үш ай мерзімде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін және қажетті нормативтік актілерді бекітсін;

Қазақстан Республикасының министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының өздерінің осы Жарлыққа қайшы келетін нормативтік актілерін қайта қарауын және күшін жоюын қамтамасыз етсін.

III. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК